



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 21/21
26 қараша



www.nstagram.com/qorjyntubek_jarsysy




E-mail: priogazeta@mail.ru

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАҢАЛЫҚТАР

ПРЕЗИДЕНТТІ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ



2022-жылғы 26-қарашада Қазақстан Президенті болып қайта сайланған Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты ұлықтау рәсіміне қатысты, деп хабарлайды Zakon.kz.

Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның барлық саясаткерлері мен ҚР-да аккредитациядан өткен шетелдік дипломатиялық корпусы да қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тілде ант берді.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының басшысы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Президент куәлігін тапсырады.

Қазақстан Президентінің кезектен тыс сайлауы 20-қарашада өтті. Сайлауға барлығы алты үміткер қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушылардың 81,31% дауысын жинады. «Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтатын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл – жеңіл жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін. Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Оларға қолдау көрсетеміз, ал қоғам құрмет білдіреді. Халқымыздың нақыл сөзін сәл түрлендіріп айтсақ: «Байлық пен мансап – қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді. Ал, елге жа-

саған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан ұрпаққа жетеді». Осыны әр азамат түсінуі керек. Ел мүддесі – бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұмысын адал атқаруды талап етемі, деген мемлекет басшысы сөзін төмендегіше аяқтады: «Қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті, арқаны кеңге салмай, бірден іске кірісуіміз керек, босансуға болмайды. Осы орайда, ең алдымен қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан, ауылдағы жағдайды жақсарту алмасак – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз».

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУ

Приозерск қаласының прокуроры А.Қ. Досмаковтың төрағалығымен Приозерск қаласының әкімдігінде судьяның, құқық қорғау, мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен 2022 жылғы 17 қарашада күшіне енген «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заңның негізгі ережелерін түсіндіру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

А.Қ. Досмаков 2022 жылғы 5-қарашада қабылданған «Прокуратура туралы» Конституциялық заң прокуратураның қадағалау және басқа да өкілеттіктерін нақтылайтынын және жүйелейтінін атап өтті. Заңда прокуратура қызметінің мақсаттары мен принциптері, құқықтық негіздері және басқа да мәселелер баяндалады, прокуратура жүйесі нақтыланады және олардың әрқайсысының құзыреті айқындалады. Сондай-ақ, заңда жоғары қадағалаудың үш нысаны бекітілген-бұл тексерулер жүргізу, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау. Заңда прокуратураның өтініштерді қандай мәселелер бойынша қарайтыны нақты көзделген. Сонымен қатар, тексерулер Президенттің, Бас Прокурордың тапсырмасы және облыстар мен аудандар прокурорларының шешімі бойынша жүргізіледі. Облыс және аудан прокурорлары тексеруді тек мынадай негіздер бойынша тағайындай алады: мемлекеттік органдар тарапынан жеке кәсіпкердің жұмысына араласу фактісі бойынша, адамның өмірі мен денсаулығына, елдің қауіпсіздігі үшін зардаптардың алдын алу қажет болса, шектеусіз тұлғалар тобының құқықтарын қорғау үшін өзін қорғай алмайтын адамдардың (балалар, қарттар, мүгедектер) құқықтары.

Сондай-ақ, А.Қ. Досмаков Конституциялық заңда Бас Прокурордың Конституцияның 72-бабының 4-тармағына сәйкес Конституциялық сотқа, Жоғарғы сотқа азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот практикасы мәселелері бойынша соттарға түсініктеме беру туралы ұсыныспен жүгіну құқығы бекітілгенін түсіндірді.

Конституциялық заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, бизнес, қоғам және мемлекет мүдделерін тиімді сақтауға ықпал ететін болады.

Приозерск қаласының
прокуратурасы

Под председательством прокурора г.Приозерска Досмаковым А.К. в акимате г.Приозерска с участием судьи, представителей правоохранительных, государственных органов проведен круглый стол на тему «Разъяснение основных положений нового Конституционного закона «О прокуратуре»», вступившего в силу 17 ноября 2022 года.

Как отметил Досмаков А.К., принятым 5 ноября 2022 года Конституционный закон «О прокуратуре» конкретизирует и систематизирует надзорные и другие полномочия прокуратуры. В законе изложены цели и принципы деятельности прокуратуры, правовые основы и другие вопросы, уточняется система прокуратуры и определяется компетенция каждого из них. Также законом закреплены три формы высшего надзора - это проведение проверок, анализ состояния законности, оценка вступивших в силу актов. Законом четко предусмотрено, по каким вопросам прокуратура будет рассматривать обращения. Вместе с тем, проверки проводятся по поручению Президента, Генерального Прокурора и решению прокуроров областей и районов. Прокуроры области и района могут назначить проверку только по следующим основаниям: права людей, которые не могут защитить себя (дети, пожилые люди, инвалиды), для защиты прав неограниченного круга лиц, если необходимо предотвратить последствия для жизни и здоровья человека, безопасности страны, по факту вмешательства в работу индивидуального предпринимателя со стороны государственных органов.

Также Досмаков А.К. разъяснил, что в Конституционном законе закреплено право Генерального Прокурора обращаться в Конституционный суд в соответствии с п.4 ст.72 Конституции, в Верховный суд с предложением о даче разъяснения судам по вопросам судебной практики по гражданским, уголовным, административным делам и делам об административных правонарушениях.

Конституционный закон будет способствовать эффективному соблюдению прав и свобод граждан, интересов бизнеса, общества и государства.

Прокуратура города
Приозерска

Президент сайлауы-2022: Приозерск тұрғындары белсенді түрде сайлауға қатысты



Ағымдағы жылдың 20-қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы болып белгілі. Приозерск қаласының сайлаушылары таңғы 7.00-ден бастап қаладағы өздеріне тиесілі сайлау учаскесіне ағыла бастағанына біз куә болдық. Сайлау учаскелерін сақадай сай етіп қойған Аурухана сайлау учаскесіне таңғы 7.00 шамасында әскери қызметшілер алғашқылар қатарында келіп дауыс берді. Сайлауға алғаш қатысып отырған жастарға сыйлық ұсынды. Жалпы сайлау учаскелерінің барлығы кезектен тыс президент сайлауына жақсы және ұйымшылдықпен дайындалғаны белгілі болды. Кей учаскелерде адамдар түске шейін келіп үлгергеніне көз жеткіздік. Салиқалы сайлауға келген Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы



қала тұрғындарымен бірге өз таңдауын жасады және тұрғындарға өздерінің азаматтық ұстанымдары мен белсенділіктерін көрсетіп, сайлауға қатысатынына сенім білдірді.



Кезектен тыс Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы күнінде Приозерск қаласының төрт сайлау учаскесінде сайлау науқаны таңғы сағат 7.00-ден басталып, түске дейін сайлаушылардың басым көпшілігі дауыс беріп үлгерді. Әсіресе қариялар мен жастардың басым көпшілігі сайлауға келіп дауыс бергені көпшіліктің көңілінен шыққанынан қаладағы барлық сайлау

учаскесінде болып, саяси науқанға қатысқан өз басым куә болдым.

Президент сайлауы-2022: Приозерск тұрғындары белсенді түрде дауыс бере бастады. Еліміздің маңызды оқиғасынан шет қалмай, өз таңдауын жасауға келген қала тұрғындарының көңіл-күйі көтеріңкі. Приозерск



қаласында кезектен тыс президенттік сайлауға ұсынылған үміткерлерге дауыс беру басталды. Алғашқы сайлау учаскесі таңғы сағат 6.00-де ашылды. Ал дауыс беру сайлау заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша сағат 7.00-де басталды. Кешкі сағат 20.00де науқан



аяқталғанша аудандық аурухана сайлау учаскесінде науқанды аяқтағанша болған мен және басқа да байқаушылар сайлау науқанының тыныш, әділетті өткеніне куә болдық және барлық науқан барысын суретке түсіріп алдық. Сайлауға қатысушы тұрғындармен сұқбат жүргізіп, олардың пікірлерін тыңдадық. Жалпы 2022-жылғы кезектен тыс Президент сайлауы біздің Приозерск қаласында тыныш, салиқалы және жоғары деңгейде өтіп, көңіліміз тыншып қалды.

Қаламыз сайлаушыларының саяси науқанға ұйымшылдықпен және белсенділікпен қатысқаны жұрттың саяси-әлеуметтік деңгейінің өсе түскенін көрсетіп отыр.

Н.ӨТЕП

Эксаумақтық соттылық

Сот жүйесін енгізілген жаңа жобалардың бірі – «Эксаумақтық соттылық» ұғымы болмақ. Компьютерлік бағдарлама арқылы автоматтандырылған тәсілмен оның аумақтық орналасуына қарамастан, жүктемесі аз сот іріктелетін болады. Басқаша айтқанда, талапкер мен жауапкер бір аймақта, ал сот басқа аймақта болатын жүктемесі аз сот іріктелетін болады. Яғни, талапкер мен жауапкер бір аймақта, ал сот басқа аймақта болатын жағдай мүмкін болады. Енді істер республиканың барлық соттарының арасында бөлінетін болады. Мәселен, талапкер мен жауапкер Приозерск қалалық сотында болса, ал талап арыз Алматыда немесе Павлодарда қаралуы мүмкін. Яғни онлайн сот процесін басқа аймақтағы судья да қарай алады деген сөз.

2023 жылдың 1 тамызынан бастап «Эксаумақтық соттылық», яғни экс-аумақтық соттылық принципі қолданысқа енгізіледі. Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексінің 32-бабы тараптардың өзара келісімі бойынша осы іс үшін, оның ішінде істі сот талқылауына

дайындау сатысында соттың іс жүргізуіндегі істер бойынша аумақтан тыс соттылықты таңдау құқығын көздейтін нормамен толықтырады.

Жаңалыққа сәйкес тараптар даулар туындаған жағдайда істі құзыретті сот экс-аумақтық соттылыққа сәйкес шешетіні туралы дербес уағдаласа алады.

Эксаумақтық соттылықты тараптар шартта немесе қосымша келісімде арнайы тармақпен белгілейді.

Келісімді сот істі іс жүргізуге қабылдағанға дейін немесе істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін рәсімдеу қажет.

Қазіргі азаматтық істердің көбі онлайн өтіп жатқанын ескерсек, жоба тараптардың уақыты мен шығынын үнемдейі. Сонымен қатар бұл жоба сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және соттарға деген сенімді арттырудың тиімді инструменті болады деп болжамдалып отыр.

*Приозерск қалалық сотының
кеңсе меңгерушісі
Д.А.Сатыбалдин*

Ұлт рухының жаршысы



Жазушы, қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза 1932 жылдың 28 қыркүйегінде Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Талапты ауылында дүниеге келген. Әкесі Мұртаза 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Шерхан 1941 жылы Талапты мектебінде бірінші кластың табалдырығын аттаған кезден бастап-ақ оқумен бірге еңбекке де араласты. Балалық шағы соғыстың қиямет, қиын-қыстау кезеңіне тұспа-тұс келді.

1950 жылы Жамбыл қаласында интернат үйінде жүріп, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң әуелі Мәскеу полиграфия институтында, үшінші курстан бастап Мәскеудің мемлекеттік Ломоносов атындағы университетінде оқып, журналистика факультетін 1955 жылы бітіріп шығады. Сол жылдардың өзінде-ақ ол башқұрт жазушысы Мұстай Кәрімнің бір повесін, Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» романын қазақшаға аударады. Шерхан Мұртазаның ел, қоғам, мемлекет, әдебиет үшін істеген еңбектері өте көп.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайту ісіне де белсене араласты. Қазіргі заманның, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін, ел, жер, тіл мәселелерін көтеретін көптеген мақала-эсселер жазды. Шерхан Мұртаза «Құрмет белгісі», «Отан» (1999) ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Жамбыл облысының, Тараз және Астана қалаларының Құрметті азаматы.

Биыл Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына орай қалалық кітапханада «Шебер тілді публицист» тақырыптық кеш, «Қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза» ақпараттық сағаты, «Қызыл жебе» виртуалды кітап көрмесі өткізілді.

Қазақ әдебиетінің, тілінің, ділінің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған Шерхан Мұртаза — өз елінің нағыз патриоты болған ұлы тұлға. Бір бойында қайсарлық пен қарапайымдылық қатар ұштасқан Шерхан Мұртазаның қазақ халқының әл-ауқатын арттыру, ел мүддесін қорғау жолында сіңірген ерен еңбегі тарих беттерінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Приозерск қаласында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды



Приозерск қаласында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды! Қала әкімі Сапар Сатаев құрылыс барысын тексерді. Бүгінгі таңда «Қарағанды облысының Приозерск қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға» жобалау құжаттамасы әзірлеу аяқталды. Жобалаушы- «Каспий маңы құрылыс басқармасы-Шымкент» ЖШС; «500 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен мәдениет үйінің инженерлік-коммуникациялық желілерін салуға» жобалау-смета-

лық құжаттаманы әзірлеу аяқталды. Жобалаушы- «Каспий маңы құрылыс басқармасы-Шымкент» ЖШС;

«Қарағанды облысының Приозерск қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға» конкурстық рәсімдер аяқталды. Байқау жеңімпазы – «Астана көктем Групп» ЖШС. Қазіргі уақытта құрылыс монтаждау жұмыстары үшін объектінің дайындық жұмыстары жүргізілуде.

*Приозерск қаласы әкімінің
баспасөз қызметі*

Баспасөз - 2023

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта бөлімшесінде, Пушкина көшесі, 9/2-үй мекенжайы бойынша рәсімдеуге болады.

Газетке 6 айға және 12 айға жазылуға болады.

«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті	6 айға	12 айға
Занды тұлғалар үшін (16364 индекс)	3484,60 тг.	6969,20 тг.
Жеке тұлғалар үшін (66363 индекс)	2334,60 тг.	4669,20 тг.



Шерхан Мұртаза шығармашылық жұмыстармен қатар

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ әдіскер Козыгельдиева Ш.У.

Өзекті

Жас мемлекеттік қызметші мектебі - дарынды жастар мен мемлекеттік аппарат арасындағы көпір

Қарағанды облысында 15 жыл бойы жас мемлекеттік қызметшілер мектебі өз есігін айқара ашуда. Бұл жоба жастар арасында мемлекеттік қызметті насихаттауға және мемлекеттік қызметке ең дарынды және перспективті мамандарды тартуға бағытталған.

Жобаны іске асыру бірнеше кезеңнен тұрады: жобаға құжаттарды қабылдау, іріктеу, оқыту және тағылымдамадан өту.

Мектеп маусымының салтанатты ашылуы 2022 жылғы 28 қазанда Департамент басшысының орынбасары Абылайхан Наурызбаевтың, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалының директоры Серікжан Байбосыновтың, Жастар саясаты басқармасының, «Жұмысшы жастар одағы» ҚБ, университеттер мен мектеп тыңдаушыларының қатысуымен өтті.

Биыл жобаға 21 тыңдаушы қатысты. Олардың қатарында А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің, Қазтұтындағы Қарағанды университетінің және Қарағанды индустриялық университетінің студенттері бар.

Олартестілеу, эссежазуарқылы қиын конкурстық іріктеуден өтті және жақсы нәтиже көрсетті.

Бүгінгі таңда жас мемлекеттік қызметші мектебінің тағылымдамадан өтушілері «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жаңа моделі» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілерді даярлады, қайта даярлады және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы-

ның Қарағанды филиалында оқыды. Оқу аяқталғаннан кейін оларға сертификаттар берілді.

Қазіргі уақытта жобаға қатысушылар Қарағанды, Теміртау, Бұқар - Жырау және Осакаров аудандары әкімдерінің аппараттарында, мемлекеттік кірістер департаментінде, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Департаментінде, облыспрокуратурасында, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде тағылымдамадан өтуде. Жоба аяқталғаннан кейін мектептің тағылымдама өтушілеріне дипломдар мен алғыс хаттар беріледі, олардың кейбіреулері ғана «Жас мемлекеттік қызметші мектебінің түлегі» атағына ие болады.

Жас мемлекеттік қызметші мектебі келешегі зор жастар мен мемлекеттік аппараттар арасында көпір болуға арналған. Бұл мектептің миссиясы мемлекеттік қызмет үшін жоғары білікті, құзыретті, перспективті, талантты кадрларды даярлауда, бұл кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта 300-ден астам қатысушы тағылымдамадан сәтті өтті, олардың көпшілігі қазіргі уақытта мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарда жұмыс істейді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті

Школа молодого государственного служащего - мост между перспективной молодежью и государственным аппаратом

В Карагандинской области уже на протяжении 15 лет открывает свои двери Школа молодых государственных служащих. Данный проект направлен на популяризацию государственной службы среди молодежи и привлечение на госслужбу наиболее талантливых и перспективных из них.

Реализация проекта включает несколько этапов: прием документов на участие в проекте, отбор, обучение и стажировку.

Торжественное открытие школы сезона 2022 года состоялось 28 октября и прошло с участием заместителя руководителя Департамента Абылайхана Наурызбаева, директора филиала Академии государственного управления при Президенте РК Серикжана Байбосынова, представителей управления молодежной политики, ОО «Союз рабочей молодежи Карагандинской области», университетов и слушателей школы.

В этом году участниками проекта стали 21 слушатель. Среди них студенты Карагандинского технического университета имени А. Сагинова, Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Карагандинского индустриального университета и Карагандинского университета Казпотребсоюза.

Они прошли нелегкий конкурсный отбор через тестирование, написание эссе и показали лучшие результаты.

На сегодняшний день стажеры школы молодого государственного служащего обучились в Карагандинском филиале Академии государственного управления при Президенте РК, осуществляющих подготовку, переподготовку и повышение квалификации государственных служащих по программе «Новая модель государственной службы в Республике Казах-

стан». По окончании обучения им были выданы сертификаты.

В настоящее время участники проекта проходят стажировку в аппаратах акима городов Караганды, Темиртау,

Бухар-Жырауского и Осакаровского райнов, Департаменте государственных доходов, Департаменте санитарно-эпидемиологического контроля, Департаменте комитета медицинского и фармацевтического контроля, Прокуратуре области, а также в Департаменте Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области.

По завершении проекта стажерам школы будут выданы дипломы и благодарственные письма, и только некоторые из них удостоятся звания - «Выпускник Школы молодого государственного служащего».

Школа молодого государственного служащего призвана стать мостом между перспективной молодежью и государственным аппаратом. Миссия данной школы в подготовке высококвалифицированных, компетентных, перспективных, талантливых кадров для государственной службы, что является ключевым фактором в формировании профессионального государственного аппарата.

Стоит отметить, что к настоящему времени более 300 участников успешно прошли стажировку, многие из которых на данный момент работают в государственных органах и предприятиях.

Департамент Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №21/21, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.